

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 1- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

Силлабус

«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы «6В10116 - Педиатрия» білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: ASBM 2105	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: «Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)»	1.7	Курсы: 2
1.3	Реквизитке дейінгі: Қазақстан тарихы, құқықтық, қаржылық-экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер.	1.8	Семестрі: 3
1.4	Реквизиттен кейінгі: Философия	1.9	Кредит саны (ECTS): 180 (6 кредит)
1.5	Циклі: ЖБП	1.10	Компоненті: МК

2.	Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)		
	Болашақ маманның бойында дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерді, өзін-өзі дамыту дағдыларын, сыни ойлауды, бәсекеге қабілеттілікті, әлеуметтанулық және саяси білімді, әлеуметтік құрылымды, мәдениетті, Қазақстанның бірегейлігін, мемлекеттің, биліктің және азаматтық қоғамның рөлін түсінуді қалыптастырады.		

3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу ✓	3.1	Курстық
3.2	Жазбаша	3.2	Эссе
3.3	Ауызша	3.3	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)

4.	Пәннің мақсаты		
	Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы негізінде болашақ маман тұлғасының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттілік жүйесін қалыптастыру.		

5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН1	Әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, Әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалай алады.		
ОН2	Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және әдеп нормаларымен жұмыс істейді.		
ОН3	Жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсете алады.		
ОН4	Нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік – саяси кластерді зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолдана алады.		
ОН5	Әлемде танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолдана алады.		
ОН6	Игерілген білімді өзгеріп жатқан әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімдеу үшін қолдана алады;		

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 2- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

ОН7	Әлеуметтік құбылыстарды, процестер мен проблемаларды сандық және сапалық талдау дағдыларын меңгере алады;	
5.1	Пәннің ОН	
5.1	ОН 1 ОН 2	ОН 1 Балаларда жиі кездесетін ауруларды диагностикалау, емдеу, динамикалық бақылау үшін жалпы қабылданған, дамып келе жатқан және үнемі жаңартылып отыратын білімді қоса алғанда, биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдары саласындағы білімді практикада қолданады.
	ОН 3 ОН 4	ОН 2 Этика, деонтология, инклюзия, тұлғааралық және коммуникативтік дағдылар нормаларының қағидаттарын сақтайды, бұл пациенттермен, олардың отбасыларымен және медицина қызметкерлерімен тиімді ақпарат алмасуға және ынтымақтастыққа әкеле отырып, кәсіби міндеттерді орындауға міндеттейді.
	ОН 5 ОН 6 ОН 7	ОН 4 Сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы шеңберінде өз қызметін жүзеге асырады.

6	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер», «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы. Түркістан 10, №6, 2 қабат, аудиториялар 201-221. Оқыту немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда сайттың басты бетіндегі «ОҚМА» АҚ сайтының CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар және/немесе электрондық пошта арқылы хабарласуға болады.					
6.2	Сағат саны: 180	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Зерт.сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ
		12	48	-	18	102-18
2 кредит	Әлеуметтану	4	16	-	6	34
1 кредит	Саясаттану	2	8	-	3	17
2 кредит	Мәдениеттану	4	16	-	6	34
1 кредит	Психология	2	8	-	3	17

6.3	Пәнді оқыту жоспары:				
Апта/күні	Пәннің атауы	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ
1 күн	Әлеуметтану	1	3	1	6
2 күн	Әлеуметтану	1	3	1	6
3 күн	Әлеуметтану	-	3	1	6
4 күн	Әлеуметтану	1	3	2	5
5 күн	Әлеуметтану	1	4	1	5
6 күн	Саясаттану	1	3	1	5
7 күн	Саясаттану	1	3	1	5
8 күн	Саясаттану	-	2	1	4

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 3- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

6.3	Пәнді оқыту жоспары:				
Апта /күнi	Пәннің атауы	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ
9күн	Мәдениеттану	1	4	1	7
10күн	Мәдениеттану	1	4	2	7
11күн	Мәдениеттану	1	4	1	7
12күн	Мәдениеттану	1	4	2	7
13күн	Психология	1	3	1	5
14күн	Психология	1	3	1	5
15күн	Психология	-	2	1	4

7.	Оқытушылар туралы мәліметтер		
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі
1	Ертаев Мукаметкарим Абдурахманович	соц.ғ.к., профессор м.а.	mukash.yertaev@bk.ru
2	Жанысбеков Мурат Ашимович	т.ғ.к., доцент м.а.	mjanisbekov@mail.ru
3	Нуржанбаева Жанат Оралбаевна	Доктор PhD, зав. кафедрой	nurzhanbayevaz@mail.ru
4	Туребаев Омар Акимбаевич	К.филос.н и.о. доцента	omarkulakimbaevic@gmail.com
5	Абдрасилова Сабира Турехановна	Саясаттану магистрі, аға оқытушы	sabi_81@mail.ru
6	Бұрхан Елтай Жүнісбекұлы	Әлеуметтану магистрі, аға оқытушы	eltai.94_kz@mail.ru
7	Мырзаязия Ақбаян Өлішқызы	Психология магистрі	myrzaziya.aqbayan@mail.ru

8.	Тақырыптық жоспар					
Апт а/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пән-нің ОН	Сағат са ны	Оқыту технологияс ының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формала ры
1	Әлеуметтану Дәріс. Тақырыбы. Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану. Әлеуметтануға кіріспе. Әлеуметтану теориялары.	Әлеуметтануға кіріспе. Әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік институттар. Әлеуметтену және бірегейлік. Әлеуметтанулық теория. Макро- және микро деңгейлер. Зерттеу мәселесі. Болжамдар. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау.	ОН1 ОН4 ОН6	1	Шолу	Кері байланыс, блиц-сауалнама

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 4- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

Әлеуметтанулық зерттеулер.					
Әлеуметтану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Әлеуметтану: ғылымға кіріспе және басты ұғымдарды тұжырымдау. Әлеуметтанулық теориялардың даму кезеңдерін талдау. Әлеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу.	Әлеуметтануға кіріспе. Индивид және қоғам. Әлеуметтік шынайылық пен ақыл-ой. Әлеуметтік ойлау. Әлеуметтік қиял. Жеке мектептер мен бағыттардың дамуы (О. Конт, Э.Дюркгейм, Г. Спенсер). Құрылымдық функционализм. Қақтығыс теориялары. Символдық интеракционизм. Рөлдік теориялар. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау.	ОН1 ОН4 ОН5 ОН6	3	Пікірталас, тақырып сұрақтарын талқылау, сұхбат алу, анкета құрастыру және талдау	Ауызша сұрау, жағдаяттық тапсырмаларды шешу, тестілеу
Әлеуметтану ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Негізгі әлеуметтанулық бағыт тұрғысынан қоғамдағы кез келген құбылыс (спорт, кино, отбасы және т.б.) туралы. 2. Қазіргі қоғамды түсінудегі әлеуметтанудың рөлі. 3. О.Конт, Г.Спенсер, Э.Дюркгейм және басқа классикалық кезеңдегі әлеуметтанушылардың әлеуметтік тұжырымдамалары. 4. Атақты әлеуметтанушы-теоретиктің (К.Маркс, Э.Дюркгейм, М.Вебер,	1. Басты үш әлеуметтанулық бағыт тұрғысынан (құрылымдық, функционализм, қақтығыс теориясы, символдық интеракционизм) қоғамдағы кезкелген құбылыс (спорт, кино, отбасы және т.б.) туралы эссе жазыңыз. 2. Қазіргі қоғамды түсінудегі әлеуметтанудың рөлі туралы эссе дайындаңыз. «Әлеуметтанулық қиял» түсінігіне анықтама беріңіз. Қазіргі адамға неліктен «әлеуметтанулық қиялды» меңгеру мен әлеуметтанулық перспективаны көре алу маңызды екендігін түсіндіріңіз. 3. Жеке социологиялық мектептердің негізгі идеяларын, бағыттарын, теориялық тәсілдерін салыстырыңыз, негізгі өкілдерін және олардың негізгі жұмыстарын көрсетіңіз. 4. Атақты әлеуметтанушы –	ОН1 ОН4 ОН5 ОН6	1/6	Салыстырмалы талдау, эссе, реферат, баяндама қорғау	Салыстырмалы талдау, эссе, реферат, баяндама тексеру парағы арқылы бағалау

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 5- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	Г.Зиммель) негізгі әлеуметтанулық ойлары.	теоретиктің (К.Маркс, Э.Дюркгейм, М.Вебер, Г.Зиммель) ойы туралы баяндама жазыңыз. Негізгі жұмыстарын айқындаңыз және әлеуметтанулық теорияларының тұжырымдарын жазыңыз.				
2	Әлеуметтану Дәріс. Тақырыбы. Әлеуметтік құрылым және қоғамның стратификациясы. Әлеуметтену және бірегейлік. Отбасы және қазіргі заман. Девиация, қылмыскерлік және әлеуметтік бақылау.	Қоғам, теңдік және теңсіздік. Ашық және жабық қоғам. Стратификация әр түрлі топтар арасындағы құрылымданған теңсіздік ретінде. Әлеуметтік стратификация формалары (П. Сорокин). Әлеуметтік мобильділік. Көлденең және тік мобильділік. Әлеуметтену және бірегейлік теориялары (Т.Парсонс, Г.Х.Мид). Әлеуметтену кезеңдері.. Гендерлік әлеуметтену. Гендерлік тәртіп. Әлеуметтік және жеке бірегейлік. Отбасы әлеуметтануы.	ОН6 ОН7	1	Ақпараттық	Кері байланыс, блиц-сауалнама
	Әлеуметтану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Қазіргі қоғамдағы теңдік пен теңсіздікті бағалау. Отбасы: типологиясы, қызметтері, тұжырымдар. Девианттылық және қылмыскерліктің әлеуметтанулық құрылымдары	Стратификация әр түрлі топтар арасындағы құрылымданған теңсіздік ретінде. Өмір бойы жалғасатын әлеуметтену: институттар мен үдерістер. Гендерлік әлеуметтену. Гендерлік тәртіп. Отбасы әлеуметтануы. Девиация мен әлеуметтік бақылау. Девиация туралы теориялық бағыттарды қысқаша шолу (әлеуметтанулық, биологиялық, психологиялық, экономикалық, мәдениеттанулық). Аномия мен қоғам. Деликвенттілік және қылмыс.	ОН5 ОН6 ОН7	3	Шағын топпен жұмыс, жағдаяттық тапсырмаларды шешу	Жағдаяттық тапсырмаларды шешу, ауызша сұрау, тесттілеу
	Әлеуметтану ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы	1. Стратификацияны зерттеудің әр түрлі бағыттарын салыстырыңыз,	ОН4 ОН5 ОН6	1/6	Пікірталас, презентация, эссе,	Презентация, эссе, реферат тексеру

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 6- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	1. Стартификацияның әлеуметтанулық теориялары. 2. Халықаралық деңгейдегі теңсіздік көрсеткіштері. 3. Қала мен ауылдағы отбасының әлеуметтік мәртебесінің баланың әлеуметтену үрдісіне әсері. 4. Жеке адамдар «әлеуметтік тіршілік иелері» ретінде. 5. Отбасындағы гендерлік рөлдер. 6. Отбасы қоғамның кішігірім жүйесі	олардың ерекшеліктерін анықтаңыз. 2. «Халықаралық деңгейдегі теңсіздік көрсеткіштері» тақырыбы бойынша топтық жоба (3-4 адаммен бірге отырып, топтарға бөлініз) дайындаңыз, мысал келтіріңіз. 3. «Қала мен ауылдағы отбасының әлеуметтік мәртебесінің баланың әлеуметтену үрдісіне әсері» тақырыбында презентация дайындаңыз. 4. «Жеке адамдар «әлеуметтік тіршілік иелері» ретінде» тақырыбында эссе жазыңыз. 5.Отбасындағы гендерлік рөлдерді талқылаңыз. 6. «Отбасы қоғамның кішігірім жүйесі ретінде» тақырыбында презентация дайындау үшін модельді құру	ОН7		реферат қорғау, дайындау және қорғау	парағы арқылы бағалау
3	Әлеуметтану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Дін феномені: мәдени және әлеуметтанулық перспектива. Қоғамдағы этникалық топтар: әлеуметтанулық зерттеулер. Әлеуметтанулық дискурстағы білім беру.	Дін: негізгі түсініктер. Дінді әлеуметтанулық талдау. Мәдениет әлеуметтануы. Құндылықтар, дәстүрлер мен ғұрыптар. Этнос, халық, ұлт. Этникалық бірегейлік. Ұлттық бірегейлік. Ұлт-мемлекет. Этникалық топтар мен олардың өзара тіршілік етуі. Этникалық мүдделер мен этникааралық қарым-қатынас. Этникааралық және конфессияаралық келісім. Білім беру әлеуметтануы. Білім беру мен білім берудегі теңсіздік.	ОН5 ОН6 ОН7	3	Дебат, тақырып сұрақтарын талқылау	Ауызша сұрау жағдаяттық тапсырмаларды шешу
	Әлеуметтану ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Суицидтің негізгі түрлері.	1. Дж.Ритцердің еңбектерін колдана отырып, суицидтің негізгі түрлерін айтып беріңіз және талдаңыз. 2. Сараптамалық шолу.	ОН1 ОН5 ОН6 ОН7	1/6	Пікірталас, презентация, эссе, реферат дайындау және қорғау	Презентация, эссе, реферат тексеру парағы арқылы

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 7- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	2. Э.Дюркгеймнің девиация туралы әлеуметтанулық теориялары. 3. Г.Тардтың еліктеу теориясы мен Г.Сазерландтың дифференциалдық ассоциация теориясы. 4. Мәдениет элементтері. 5. Әлеуметтік институт ретінде діннің қызметтері. 6. Этникалық топтар арасындағы өзара байланыс. 7. Қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтарын әлеуметтанулық талдау. 8. Қазақстанда тегін білім беру қолжетімділігінің мәселелері.	Э.Дюркгеймнің «девиация әрбір қоғамның қалыпты құрамдас бөлігі» деген тұжырымына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз. 3. Г.Тардтың еліктеу теориясы мен Г.Сазерландтың дифференциалдық ассоциация теориясының негізгі идеяларын түсіндіріңіз. «Әлеуметтік орта адамның девиантты мінез-құлқының қалыптасуына әсер етеді» деген тұжырыммен келісесіз бе? 4. Мәдениет элементтерін атаңыз және сипаттаңыз – тіл, құндылықтар, нормалар, дәстүрлер және т.б. 5. Әлеуметтік институт ретінде діннің қызметтерінің анықтаңыз. Қоғам мен дін арасында қандай қарама-қайшылықтар туындайтынын айқындаңыз. 6. «Этнос», «халық», «ұлт», «этникалық топ» ұғымдарын салыстырыңыз. Этникалық топтар арасындағы өзара байланысты сипаттаңыз. 7. «Қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтарын әлеуметтанулық талдау» тақырыбында эссе-талқылау жазыңыз. 8. Қазақстанда тегін білім беру қолжетімділігінің артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау мақсатында салыстырмалы кестені құрыңыз.				бағалау
4	Әлеуметтану Дәріс. Тақырыбы. Масс-медиа, технологиялар және қоғам. Экономика,	Әлеуметтік жүйедегі бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникациялар. Масс-медиа қызметтері. Бұқаралық сана мен цифровизация.	ОН3 ОН4 ОН5	1	Ақпараттық	Кері байланыс, блиц-сауалнама

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 8- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

жаһандану және еңбек.	Киберлаңкестік. Жеке мәліметтерді қорғау. Экономиканың негізгі секторлары. Жаһандық қоғамда еңбек рөлінің өзгеруі. Еңбектің жаһандық бөлінісі. Қазақстан жаһандық әлеуметтік-экономикалық жүйеде.				
Әлеуметтану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Цифрлық технологиялар мен әлеуметтік өзара әрекет. Жасанды интеллект: оң мүмкіндіктер және ықтимал тәуекелдер. Жаһандық экономика және еңбек бөлінісі: әлеуметтанулық талдау.	Әлеуметтік жүйедегі бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникациялар. Масс-медиа қызметтері. Бұқаралық сана мен цифровизация. Бұқаралық коммуникациялар және әлеуметтік өзара әрекет. Қазіргі заманғы технологиялар. Технологиялық теңсіздік. Масс-медиа түрлері. Жасанды интеллект технологиялары. Тарихи перспективадағы экономикалық даму. Еңбек нарығы мен жұмысбастылық құрылымы. Экономиканың негізгі секторлары. Жаһандық қоғамда еңбек рөлінің өзгеруі. Еңбектің жаһандық бөлінісі. Қазақстан жаһандық әлеуметтік-экономикалық жүйеде. Рационалдылық мәдениеті. Прагматизм мен жоспарлау.	ОН3 ОН4 ОН5 ОН7	3	Шағын топпен жұмыс, интеллект картасын құрастыру	Ауызша сұрау, жағдаяттық тапсырмаларды орындау
Әлеуметтану ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың адамның күнделікті өміріне әсері. 2. Топтағы коммуникацияның негізгі түрлері. 3. Жасанды	1. Бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникация, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар адамның күнделікті өміріне қалай әсер ететіні туралы эссе жазыңыз. 2. Топтағы коммуникацияның негізгі түрлерін ашып көрсететін презентация дайындаңыз. 3. Жасанды интеллекттің дамуының қоғамға әсерін	ОН3 ОН4 ОН5 ОН7	2/5	Пікірталас, презентация, реферат, эссе дайындау және қорғау	Презентация, реферат, эссе тексеру парағы арқылы бағалау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 9- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	интелектің дамуының қоғамға әсері. 4. Қазіргі заманғы экономикалық жүйелердің ерекшеліктері. 5. Қазіргі Қазақстан қоғамының дамуындағы прагматизмнің рөлі.	SWOT талдау жасаңыз. 4. Қазіргі заманғы экономикалық жүйелердің — капитализм, социализм, аралас экономика, саяси экономиканың ерекшеліктерін талдап беріңіз. 5. «Қазіргі Қазақстан қоғамының дамуындағы прагматизмнің рөлі» тақырыбында эссе дайындаңыз.				
5	Әлеуметтану Дәріс. Тақырыбы. Халық, урбанизация және қоғамдық қозғалыстар.	Жаңғыру және урбанизация. Әлеуметтік өзгерістердің бастаулары. Халық туралы заманауи зерттеулер. Миграция. Жаһандық урбанизация. Ауылдық жердегі өмір. Қоғамдық қозғалыстардың бастаулары мен түрлері. Қоғамдық қозғалыстарға әсер ететін микро және макро факторлар. Қоғамдық қозғалыстың өмірлік циклы.	ОН1 ОН3 ОН6	1	Бинарлық	Кері байланыс, блиц-сауалнама
	Әлеуметтану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Қоғамдық қозғалыстар, наразылық және адамдардың ойлауы: қазіргі күйі.	Жаңғыру және урбанизация. Әлеуметтік өзгерістердің бастаулары. Халық туралы заманауи зерттеулер. Миграция. Жаһандық урбанизация. Ауылдық жердегі өмір. Қоғамдық қозғалыстардың бастаулары мен түрлері. Қоғамдық қозғалыстарға әсер ететін микро-және макро-факторлар. Қоғамдық қозғалыстың өмірлік циклы.	ОН10 Н4 ОН6 ОН7	4	Шағын топпен жұмыс, интеллект картасын құрастыру	Ауызша сұрау, жағдаяттық тапсырмаларды орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Аралық бақылау № 1	Дәріс (1-5), тәжірибелік сабақтардың (1-5), БӨЖ (1-4) тақырыптары	ОН1-7	1/5	Тесттілеу, жазбаша жұмыс	Тексеру парағы
6	Саясаттану Дәріс. Тақырыбы. Саясаттану ғылым және оқу пәні	Қазіргі білімдер жүйесіндегі саяси ғылымның алатын орны, саясаттанудың қалыптасуы мен дамуы, оның негізгі	ОН1 ОН6	1	Ақпараттық	Кері байланыс блиц-сауалнама

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 10- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	ретінде. Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат.	категориялары, саясаттанудың пәні мен объектісі. Саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептері. Адамзат өркениетіндегі саяси идеялардың генезисі. Саяси ойдың қалыптасуы мен даму тарихының дәуірлік кезеңдері. Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары. Консерватизм, либерализм, марксизм концепцияларының қалыптасуы. Қазіргі саяси ғылымның негізгі бағыттары.				
	Саясаттану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Басқарушы элита мен саяси көшбасшылық биліктің әлеуметтік субъектілері ретінде. Саяси жүйенің қызмет ету механизмі. Қазіргі сайлау жүйелері және олардың ерекшеліктері. Саяси партиялар және партиялық жүйелер, қоғамдық-саяси қозғалыстар және ұйымдар: қызмет ету ерекшеліктері	Саяси элита түсінігі. Қоғамға әсер ету көздері бойынша саяси элиталардың жіктелуі: (мұрагерлік, құндылықтық, биліктік, функционалдық). Саяси көшбасшылықтың дамуындағы жаңа үрдістер. Саяси жүйенің құрылымы мен элементтері. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі. Сайлау жүйелерінің қазіргі концепциялары. Қазіргі Қазақстанның сайлау жүйесі, оны жетілдірудің жолдары мен бағыттары. Саяси партиялардың типологиясы. Партиялық жүйелер, олардың классификациясы. Қоғамның саяси өмірінде қоғамдық-саяси қозғалыстар мен бірлестіктердің пайда болуы және эволюциясы. Лоббизм. Мүдде топтары: түсінігі, қызметтері, типологиясы. Саясаттағы қысым топтар.	ОН3 ОН5 ОН6 ОН7	3	Тақырыптық пікірталас, салыстырмалы талдау	Ауызша сұрау, жағдаяттық тапсырмаларды орындау, салыстырмалы талдау
	Саясаттану ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Биліктің негізгі түсініктемелері	1. «Биліктің негізгі түсініктемелеріне салыстырмалы талдау» тақырыбына дәлелді эссе жазу.	ОН4 ОН5 ОН6 ОН7	1/5	Ауызша сұрау, презентация, реферат дайындау	Презентация, реферат тексеру парағы арқылы

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 11- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	2. Саяси көшбасшылықтың жіктелуін дайындау 3. Қазақстанның саяси жүйесінің даму келешегін талдау.	2. Саяси көшбасшылықтың жіктелуі. Саяси көшбасшылықтың типін айқындау және өз таңдауын дәлелдеу. 3. ҚР стратегиялық құжаттарын зерттеу негізінде «Қазақстанның саяси жүйесінің даму келешегі» тақырыбына презентация дайындау.			және қорғау	бағалау
7	Саясаттану Дәріс. Тақырыбы. Саяси даму және модернизация. Саяси шиеленістер мен дағдарыстар. Әлемдік саясат және қазіргі халықаралық қатынастар.	Саяси даму және оның критерийлері. Саяси модернизация түсінігі. Саяси модернизацияның мақсаты, оның негізгі сипаттары. Саяси модернизацияның кезеңдері мен факторлары. Қазақстан Республикасының саяси модернизациясы. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам. 5 президенттік реформа: кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектілік пен бірлік, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру. Шиеленіс әлеуметтік құбылыс ретінде. Әлемдік саясат және әлемдік саяси үдеріс. Халықаралық қатынастар түсінігі және негізгі субъектілері.	ОН5 ОН6 ОН7	1	Тақырыптық	Кері байланыс, блиц-сауалнама
	Саясаттану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялары мен модернизация	«Қазақстан-2050 Стратегиясы» Қазақстан Республикасының саяси бағыты ретінде. Күшті мемлекет және Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз мемлекеті қатарына енуі. Саяси шиеленістер, олардың мәні, конструктивті және	ОН5 ОН6 ОН7	3	Шағын топпен жұмыс, жағдаяттық тапсырмаларды орындау, салыстырмалы талдау жасау	Ауызша сұрау, жағдаяттық тапсырмаларды орындау, тесттілеу, салыстырмалы талдау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 12- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	бағдарламалары. Саяси шиеленістер мен дағдарыстарды шешудің мәні, түрлері мен жолдары.	деструктивті қызметтері. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси шиеленістердің алдын алу технологиялары.				
	Саясаттану ОБӨЖ/ БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1. Саяси модернизацияның үлгілерін таңдау шарттары мен негізгі факторлары. 2. Саяси шиеленісті реттеу бойынша жол картасы. 3. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның рөлі.	1. «Саяси модернизацияның үлгілерін таңдау шарттары мен негізгі факторлары» (таңдау бойынша бір мемлекеттің мысалында) тақырыбында дәлелді эссе жазу. 2. Саяси шиеленісті реттеу бойынша жол картасын дайындау – кейс-стади. 3.«Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның рөлі» тақырыбында бағдарлама презентация жасау.	ОН1 ОН3 ОН5 ОН6	1/5	Презентация, баяндама, реферат, дайындау және қорғау	Презентация, баяндама, реферат, тексеру парағы арқылы бағалау
8	Саясаттану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Жаһандану және қазіргі жаһандық қауіп қатерлер.	Әлемдік саясат және әлемдік саяси үдеріс. Әлемдік саяси үдерістердің жаһандануы мен қазіргі жаһандық қауіп қатерлер. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан.	ОН3 ОН4 ОН6 ОН7	2	Дебат, интеллект картасын құрастыру, жағдаяттық тапсырмаларды орындау, салыстырмалы талдау жасау	Ауызша сұрау, жағдаяттық тапсырмаларды орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Аралық бақылау № 2	Өткен тақырыптар бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды меңгеруін бақылау. Дәріс (6-7), тәжірибелік сабақтардың (6-8), БӨЖ (6-7) тақырыптары	ОН1- ОН7	1/4	Тестілеу, ауызша, жазбаша түрде бақылау жұмысы	Тексеру парағы
	<i>Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу</i>			9		

8.	Тақырыптық жоспар					
Апт а/	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пән-нің	Сағат	Оқыту технологияс	Бағалау әдістері/

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары	39/11- 40-беттің 13- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы	

күн			ОН	са ны	ының формасы / әдістері	формала ры
11	Мәдениеттану Дәріс. Тақырыбы Мәдениеттің тілі және морфологиясы.	Мәдениет түсінігінің қалыптасу тарихы: мәдениеттің мәнін және қызметін анықтау ыңғайларының көптүрлілігі. Мәдениетті аксиологиялық, өркениеттік, құрылымдық, антропологиялық, экономикалық түсіндіру. Теориялық ыңғайларды шолу: Ф. Боас, Л.Уайт, З. Фрейд, К. Леви-Стросс, К. Маркс, Э.Тайлор, О. Шпенглер, А. Тойнби, Л. Гумилев, П.Сорокин, С. Хантингтон және т.б. Мәдениетті ақпараттық-семиотикалық түсіну. Вербалды- белгілікжүйелер – табиғи шынайы тілдер.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	1	Ақпараттық	Кері байланыс, блиц- сауалнама
	Мәдениеттану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Мәдениет және оның адамның өмірі мен қызметіндегі орны мен рөлі.	Мәдениет морфологиясы: мәдениеттің кеңістігі мен уақыты, мәдениеттің негізгі бөлшектері мен паттерндері. Мәдениетке диахронды және синхронды ыңғайлар. Мәдениет кеңістігінің ерекшелігі. Материалдық және рухани мәдениет. Мәдени формалар мен артефактілердің олардың әлеуметтік, тарихи, географиялық бөлінуіне қарай өзгеруі.	ОН2 ОН3 ОН4	4	Шағын топпен жұмыс, жағдаяттық тапсырмалар ды орындау	Ауызша сұрау, жағдаяттық тапсырмалар ды орындау
	Мәдениеттану ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы С.Хантингтон «Өркениеттер қақтығысы». «Мәдениет интеграциясы мен локализациясы».	Мәдениет түсінігінің қалыптасу тарихы: мәдениеттің мәнін және қызметін анықтау ыңғайларының көптүрлілігі. Мәдениетті аксиологиялық, өркениеттік, құрылымдық, антропологиялық, экономикалық	ОН2 ОН3	1/7	Салыстырма лы талдау, эссе, презентация дайындау және қорғау	Тапсырман ы талқылау және қорғау, салыстырм алы кесте құрастыру

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 14- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	Мәдениет рәміздері және олардың мәдени коммуникациядағы рөлі мен маңызы.	түсіндіру. Теориялық ыңғайларды шолу: Ф. Боас, Л. Уайт, З. Фрейд, К. Леви-Стросс, К. Маркс, Э. Тайлор, О. Шпенглер, А. Тойнби, Л. Гумилев, П. Сорокин, С. Хантингтон және т.б. Мәдениет рәмізі түсінігі.				
10	Дәріс. Тақырыбы Мәдениет семиотикасы және анатомиясы.	Мәдениетті зерттеулерге құрылымдық, семиотикалық ыңғайлар. Мәдениеттің мәтіндік концепциялары: Р. Барт, Ю. Кристева. Мәдениеттің семиотикалық концепциялары: Ф. Соссюр, Ю. Лотман, Э. Кассирер, О. Сулейменов. Мәдени код. Мәдени код түсінігі. Ұлттық мәдениеттің мәдени кодының қайталанбайтындығы. Мәдениет этосы. Конвенционалды белгілер. Мәдениет рәмізі түсінігі. Мәдениеттің кеңістігі. Мәдениеттің үш өлшемді моделі. Мәдени формалар. Мәдени кеңістік құрылымы: парадигмалар, мәдениеттің бет-бейнесі, мәдени сценарийлер. Технологиялық мәдениет.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	1	Ақпараттық	Кері байланыс, блиц-сауалнама
	Мәдениеттану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Мәдениет типологиясы мәдениет типі және түсінігі.	Мәдениет типологиясы мәдениет типі және түсінігі, мәдениеттердің тарихи типологиясы, сызықтық және жергілікті ыңғай. құрылымдар. Мәдениет формаларының көптүрлілігі. Еуроорталықтық және мәдениеттер типологиясы: оң және теріс тұстары. Мәдениет және өркениет.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5 ОН6	4	Пікірталас, шағын топпен жұмыс	Тапсырмаларды талқылау және орындау, ауызша сұрау
	Мәдениеттану ОБӨЖ/БӨЖ	Жібек жолы: Қазақстан – Шығыс пен Батысты	ОН1 ОН2	2/7	Салыстырмалы талдау,	Тапсырманы талқылау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 15- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	БӨЖ тапсырмасы Ұлы Жібек жолы халықтарының мәдениетаралық коммуникациясындағы Қазақстан түркілері	байланыстырушы ретінде. Орталық Азия аймағындағы мәдениеттер байланысы. Түркі және қазақ мәдениеті архетипіндегі ирандық компоненттер. Түркі және ислам мәдениеттерінің өзара әсерімен өзара әрекеті.	ОН3 ОН5 ОН6		эссе, презентация	және қорғау, салыстырмалы кесте құрастыру
11	Мәдениеттану Дәріс. Тақырыбы Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті.	Ежелгі Қазақстанның аумағындағы архаикалық мәдениет: материалдық мәдениет ескерткіштері. Номадизм мәдениет типі ретінде. «Мәдени мұра» бағдарламасы. «Қазақстанның сакральды географиясы» бағдарламасы. Жібек жолы: Қазақстан Шығыс пен Батысты байланыстырушы ретінде. Философиямен ортағасырлық ғылымның дамуы. Әл-Фараби: философиялық, әлеуметтік-этникалық және эстетикалық көзқарастары. Ғылым мен медицинаның дамуы. Ежелгі Қазақстанның халықтық медицинасы қазіргі ғылыми медицинаның негізі.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	1	Тақырыптық	Кері байланыс, блиц-сауалнама
	Мәдениеттану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Көшпенділер мен арғытүркілердің мәдени мұрасы.	Салт-дәстүрлер. Аңызға айналған кейіпкерлердің бейнелері. Сақ, массагет, скиф, сарматтар өнері: қару-жарақтық, сәндік-қолданбалы, мүсін, сәулет өнері. Сақ, массагет, скифтердің жауынгерлік өнері. «Шу-батыр» поэмасы. Жазуы. Сақтар мен массагеттердің мәдени құндылықтары. Адамдарды емдеу тәсілдері. Ортағасырдағы Қазақстандағы түркі мәдениеті және оның еуропалық және исламдық	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	4	Жағдаяттық тапсырмаларды орындау	Тапсырмаларды талқылау, ауызша сұрау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11-40-беттің 16-беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

		мәдениетке әсері. Түркі мәдениеті мен өркениеті және олардың Ұлы Жібек жолы халықтарының мәдениеті дамуындағы мәдени-өркениеттік рөлі.				
	Мәдениеттану ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Түркілік Қайта өрлеу және оның әлемдік мәдениет мұрасындағы орны. Түркілердің мәдени мұрасының еуропалық және исламдық әлемге әсері.	Сопылық Қайта Өрлеу. Ахмет Яссауидің тұлғасы мен қызметі (1093-1166). «Диуани Хикмет» кітабы. НаджмадДин убра (1145-1220) және оның рухани өмір жобасы. «Құдай халқының жолы» трактаты. Сопылық акын Нишапурлік Фаридад-Дин Аттар (1145-1221) және оның «Құстардың әңгімесі» аллегориялық поэмасы. Самұрық құс бейнесі. Орталық Азияда моңғол шапқыншылығына дейін суфизм қуатты діни қозғалыс ретінде. Суфизмнің түркілердің дүниетанымы мен мәдени құндылықтарына әсері.	ОН1 ОН2 ОН3	2/7	Салыстырмалы талдау, деректермен жұмыс	Тапсырманы орындау, тақырыпты қорғау
12	Мәдениеттану Дәріс. Тақырыбы. ХҮ-XXI ғғ. қазақ мәдениеті. Қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы қазақ мәдениеті. Қазақстанның мәдени саясаты.	Қазақтардың эпикалық мәдениеті. Қазақ халқының мифтері мен аңыздары. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуы. Ақын-жыраулардың музыкалық шығармашылығы. Сакральды (қасиетті) қазақ мәдениеті. Қазақ Ағартушылығы феномені: Ш.Уәлиханов, Шәкәрім, Ы. Алтынсарин. Абай ұлы қазақ ақыны және ойшылы ретінде. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Заманауи жасанды интеллект және оның мәдениет құбылыстарымен байланысы.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	1	Бинарлық	Кері байланыс, блиц-сауалнама
	Мәдениеттану Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Жаһандану аясындағы	Жаһандану аясындағы білім беру мәселесі. Интеллектуалды ұлт жаңа моделін қалыптастыру	ОН1 ОН2	4	Пікірталас, шағын топпен жұмыс.	Тапсырманы орындау, ауызша сұрау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 17- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	білім беру мәселесі. Интеллектуалды ұлт жаңа моделін қалыптастыру мәселесі.	мәселесі. Қазіргі Қазақстандағы ғылым мен техника. Компьютерлік сауаттылық және мәдениет. «Сандық Қазақстан» жобасы. Білімнің толеранттылығы, ашықтығы мәдениеті. Мәдениетаралық және этникааралық коммуникацияның жаңа құндылықтары. ХХІ ғ. Қазақстандағы киноиндустрияның дамуы. Мәдениеттегі жасанды интеллект.				
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Аралық бақылау №1	Дәріс (9-12), тәжірибелік сабақтардың (9-12), БӨЖ (9-12) тақырыптары	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	1/7	Тест тапсырмалары, жазбаша жұмыс	Тексеру парағы
13	Психология Дәріс. Тақырыбы Психологияға кіріспе. Психология ғылым ретінде. Заманауи психологияның салалары. Мен және менің мотивациям.	«Психология және мәдениеттану» курсының пәні, мақсаттары және міндеттері. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психология және мәдениеттанудың орны. Заманауи тұлғаның қалыптасуымен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы психология мен психологиялық білімдердің маңызы. Психологияның әдістері. Психология тиімді өмір сүруге ықпал ететін ғылым және практика ретінде (бизнес, спорт, денсаулық сақтау, жарнама психологиясы). Мотивация және мотивтер.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5 ОН6	1	Шолу	Кері байланыс бланк-сауалнама
	Психология Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Эмоциялар және эмоционалдық интеллект, адамның	Эмоцияны түсіну және эмпатияға қабілеттілік. Эмоцияны реттеудің әдістері Мен механизмдері: эмоцияларды қайта қарастыру және эмоцияларды басу.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5 ОН6	3	Дебат, Шағын топпен жұмыс	Тапсырмаларды орындау, ауызша сұрау

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 18- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

	ерік қасиеті мен өзін-өзі реттеу психологиясы. Темперамент. Тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар жеке тұлғаның рухани негізі ретінде.	Эмоционалдық интеллект анықтамасы. Ерік және тұлға. Тұлғаның өзін-өзі реттеу психологиясы (стресс-менеджмент). Стресс түсінігі. Темперамент, мінез және қабілет. Темперамент анықтамасы. Темперамент пен мінездің арақатынасы. Мінездің анықтамасы. Мінез акцентуациясы және тәрбие. «Ұлттық мінез» ұғымы. Тұлғаның қабілеті және нышандары. Әлеуметтік әлемдегі Мен. Мен-концепциясы. Өзін-өзітаныстыру. Адам өміріндегі құндылықтар.				
	Психология ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы 1) Психология менің өмірімде және кәсібімде. 2) Қазіргі студенттің психологиялық портретін құру 3) Ұйым қызметкерлерінің мотивациясын жетілдіру	Психологияның адам өміріндегі маңызы. Эмоция мен эмпатияның кәсіби маман болған кездегі дамуы. Мотивация және өзіндік мотивация. Мотивациялық сфераны жалпы ұйымдастыру. Мотивтер және қажеттіліктер. Мотив түрлері. Жетекші мотив. Жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивациясы. Эмоцияны түсіну және эмпатияға қабілеттілік. Жастардың суицидтік мінез-құлығы.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5 ОН6	1/5	Эссе, глоссарий тапсырманы орындау және қорғау	Эссе, глоссарий тексеру парағы арқылы бағалау
14	Психология Дәріс. Тақырыбы Тұлғааралық қарым-қатынас қазақстандық үйлесімді тұлғаның даму факторы ретінде	Қарым-қатынас түсінігі. Қарым-қатынастың түрлері, формалары, қызметтері. Тұлғааралық қарым-қатынас сипаттамалары. Қарым-қатынастың перцептивті, интерактивті, коммуникативті жағы. Психологиялық әсер етудің мәні. Психологиялық әсер ету түрлері. Әсер ету механизмдері: жұқтыру,	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5 ОН6	1	Ақпараттық	Кері байланыс, блиц-сауалнама

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 19- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

		еліктеу, сендіру. Қарым-қатынас ақпарат алмасу ретінде.				
	Психология Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Әлеуметтік- психологиялық конфликт түсінігі және құрылымы. Еңбек ұжымындағы конфликтіні реттеудің механизмдері және тәсілдері.	Жастар арасындағы аутодеструктивтіліктің (суицидтік) алдын алу шаралары. Конфликтінің қатысушылары мен жүргізушілері, олардың қажеттіліктері, мүдделері мен мақсаттары. Конфликтінің кеңістік-уақыттық шекаралары. Конфликтінің типтік кезеңдері.. Негізгі манипуляциялық техникалар. Манипуляция процесіндегі тұлға. Манипуляция жасырын хабарлама ретінде. Коммуникациядағы имидж және өзіндік ұсыну. Имидж қалыптастырудың технологиялары.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5 ОН6	3	Дебат, рөлдік ойындар	Тапсырмал арды шешу және орындау, ауызша сұрау
	Психология ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Менің мансаптық және кәсіби өсуім. Кәсіби денсаулықты сақтау.	Кәсіби маманның сенімдері мен бағдарлары. Қазақстанның заманауи даму кезеңіндегі кәсіби тұлғаның құндылықтары мен бағдарлары: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, сананың ашықтығы, ұлттық бірегейлік. Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы жеке құндылықтар мен мағыналар. Кәсіби өсудегі кедергілер, оларды болдырмау және жеңу жолдары. Кәсіби сәйкестілік дағдарысы және эмоциялық қажу синдромы	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5 ОН6	1/5	Контент талдау, эссе, реферат тапсырманы орындау, қорғау	Салыстырма лы талдау, эссе, реферат тексеру парағы арқылы бағалау
15	Психология Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы Көшбасшылық пен жетекшілік. Қарым-қатынас процесінде қоршаған ортаны қабылдау.	Тәуелсіз қоғамдағы тұлғаның «ерік бостандығы» тұжырымдамасы. Қарым- қатынас түсінігі. Қарым- қатынастың түрлері, формалары, қызметтері. Тұлғааралық қарым-қатынас	ОН1 ОН2 ОН3 ОН5 ОН6	2	Шағын топпен жұмыс,	Ауызша сұрау, жағдаяттық тапсырма ларды шешу

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 20- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

Құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар тұлғаның рухани негізі ретінде	ғылыми білімнің пәні ретінде. Тұлғааралық қарым-қатынас сипаттамалары. Тұлғааралық коммуникация, өзара әрекеттесу, тұлғааралық қабылдау түсініктері. Тұлғааралық, топаралық және ұлтаралық қарым-қатынас ерекшеліктері. Қарым-қатынас стильдері. Көшбасшылық және жетекшілік. Тұлғалық құндылықтар. Қызығушылық әлеуметтік іс- әрекеттің жетекші мотиві ретінде. Мінез-құлық және нұсқаулар.				
ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ тапсырмасы Аралық бақылау № 2	Дәріс (13-15), тәжірибелік сабақтардың (13-15), БӨЖ (13-14) тақырыптары	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	1/4	Тест тапсырмалары, жазбаша жұмыс	Тексеру парағы
Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу			9		

9.	Оқыту және бағалау әдістері	
9.1	Дәріс	Шолу, ақпараттық, тақырыптық, мәселелік, бинарлық
9.2	Тәжірибелік сабақ	Дебат, пікірталас, шағын топпен жұмыс, жағдаяттық тапсырмаларды шешу, рөлдік ойындар, тесттілеу, ауызша сұрау
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ	Ауызша сұрау, эссе, реферат, баяндама, презентация, тесттілеу, салыстырмалы талдау, контент талдау, жағдаяттық тапсырманы орындау
9.4	Аралық бақылау	Тесттілеу, ауызша және жазбаша түрде бақылау жұмысы (жағдаяттық тапсырмалар шешу)

10.	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері				
ОН №	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11-40-беттің 21-беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

ОН1	Әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалайды	1) Әлеуметтану мен саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі ұғымдары мен категорияларын түсіндірмейді; 2) Әлеуметтану және саясаттану мектептері мен негізгі білім парадигмаларын білмейді.	1) Әлеуметтану мен саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі ұғымдары мен категорияларын толықтай түсіндіре алмайды; 2) Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептерін толық сипаттамайды.	1) Әлеуметтану мен саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі ұғымдары мен категорияларын жүйелейді; 2) Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептерін жіктейді	1) Әлеуметтік-саяси заңдылықтарды талдау үшін тұжырымдамалық-категориялық аппаратты қолданады; 2) Әлеуметтану және саясаттану мектептері мен негізгі парадигмаларын салыстырады және талдайды.
ОН2	Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және әдеп нормаларымен жұмыс істейді.	1. Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларымен жұмыс істемейді. 2. Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын сипаттай алмайды.	1.Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын жеткілікті түрде сипаттай алмайды. 2. Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын жеткіліксіз дәрежеде таниды.	1.Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын жүйелейді. 2. Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын бөліп көрсетеді және жинақтайды.	1. Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын бағалайды және жүйелейді. 2. Қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын салыстырады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11- 40-беттің 22- беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

ОН3	Жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді	1) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарының мәні мен маңыздылығын және жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетпейді; 2) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын жіктеу критерийін білмейді; 3) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтары-ның рөлін жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде мәдениет элементтері ретінде сипаттай алмайды.	1) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын ың мәні мен маңызын толық түсіндірмейді; 2) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын жартылай жіктеу критерийін біледі; 3) Жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтары-ның рөлін жеткіліксіз дәрежеде сипаттайды	1) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтары-ның мәні мен маңыздылығын интеграциялық процестердің өнімі ретінде түсіндіреді; 2) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын интеграциялық процестердің өнімі ретінде жіктейді және сипаттайды; 3) Жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтары-ның рөлін толық сипаттамайды.	1) Интеграциялық процестердің өнімі ретінде қоғамның әлеуметтік нормалары мен әлеуметтік-этикалық құндылықтарын талдайды және салыстырады; 2) Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарының түрлерін түсіндіруге белсенді қатысады және өзіндік ойлауды көрсетеді; 3) Жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесінде қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарының орны мен рөлі саласындағы жаңа ақпарат пен ғылыми жетістіктерді бағалайды.
ОН4	Нақты мәселелерді талдау үшін әдіснамалық тандауды негіздейді және қоғамды зерттеудің әртүрлі жолдарын айыра біледі.	1) Әлеуметтік-саяси мәселелерді талдау үшін қоғамды стратегиялық зерттеудің негізгі әдістерін ажырата және негіздей алмайды; 2) Әлеуметтік зерттеулердің әртүрлі түрлерінің стратегиясын білмейді.	1)Әлеуметтік-саяси мәселелерді талдау үшін қоғамды стратегиялық зерттеудің негізгі әдістерін толық негіздей білмейді; 2)Қоғамды зерттеудің әртүрлі түрлеріне	1)Әлеуметтік-саяси мәселелерді талдау 2)Әлеуметтік зерттеулердің әртүрлі түрлеріне арналған стратегияларды талдай алады. үшін қоғамды стратегиялық зерттеудің негізгі әдістерін	1)Әлеуметтік-саяси мәселелерді талдау үшін қоғамды стратегиялық зерттеудің негізгі әдістерін сипаттай алады; 2)Қоғамдық зерттеулердің әртүрлі түрлеріне арналған стратегияларды түсіндіре және

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік- гуманитарных пәндер», «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедралары		39/11-40-беттің 23-беті
«Әлеуметтік-саяси білім модулінің (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» жұмыс оқу бағдарламасы		

			арналған стратегияларды толыққанды сипаттай алмайды.	сипаттай алады; 2)Әлеуметтік зерттеулердің әртүрлі түрлеріне арналған стратегияларды талдай алады.	бағалай алады.
ОН5	Әлемдік танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді тәжірибеде қолданады.	Әлемдік танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді түсіндіре алмайды.	1. Әлемдік танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді жеткіліксіз дәрежеде түсінеді. 2. Әлемдік мойындалған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді толық талдай алмайды.	1. Әлемдік танымға ие қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білім туралы заманауи ережені түсінеді. 2. Әлемдік танымға ие қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді талдай алады.	1. Әлемдік танымға ие қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімге қатысты қазіргі жағдайды талдайды. 2. Әлемдік танымға ие қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімнің қазіргі тенденциялары мен перспективаларын абаға береді.
